

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

шығармасының тілін зерттеді, нәтижесінде 2004 жылы «Ясауи Хикметтерінің тілі» атты монография жарық көрді. «Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш», «Емле және тыныс белгілері», «Қазақ тілінің анықтағышы» еңбектері қазақ орфографиясының дамуына ықпал етті.

Сызықша «-» – жалпылағыш қос сөздердің арасына, сөзді тасымалдаған кезде т.с.с. қойылатын белгі. Мыс., *аяқ-табақ, киім-кешек, қой-қозы, сауыт-сайман, ертұрман* немесе *сау-да, са-йақ, а-сық, тұш-қыл-тым, са-рым-сақ, мақ-та-ну-ға, жал-пыл-дау-ға, а-тыс-ты-ру-ға*. Бүгінгі таңда А.Байтұрсынұлының «сызықша» деген атауының орнына орыс тілі арқылы латын тілінен енген *дефис* атауы қолданылып жүр. Ғалым «дефис» сөзінің баламасы ретінде *сызықша, қосарлық, кіші сызықша* атауларын пайдаланған. Ал қазіргі кезде С. атауы «дефис» емес, «тиренің» баламасы ретінде қолданылып жүр. Дұрысында, қазақ тілінде – **ша/-ше** қосымшасы кішірейту мәнінде жұмсалады (*тақтайша, қалташа, қалақша* т.с.с.). Сондықтан А.Байтұрсынұлы ұстанымдарын қуаттап, негізге ала отырып, С. деген атауды «дефистің» баламасы ретінде қолданып, С., *тире* деген атаулардың орнына сызық деп алған жөн. Яғни, ұзынын «сызық» деп, қысқасын С. деп атаған дұрыс болар еді.

Сыймаған буын – тасымалдау барысында жазып келе жатқан жолға сыймай қалған, келесі жолға асырылатын буын.

Сына жазу – сына таңбалардың жүйесінен құралған. Алдыңғы Азияда тараған көне жазу. Ассирия – Вавилон сына жазуында 300-ге жуық кең қолданылатын және 600-ге жуық сирек кездесетін таңбалар болған.